

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

Мұнай инженериясының кафедрасы

Тақырыбы: “ Қазақстан кенорындары мысалында тұтқырлығы жоғары мұнайды өндірудің жаңа технологияларын қолдану тиімділігін бағалау ”

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B070800-Мұнай-газ ісі

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ


Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ. Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

Мұнай инженериясының кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі


М. К. Сыздықов

« 13 » 05 2019ж.

Дипломдық жұмысқа
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “ Қазақстан кенорындары мысалында тұтқырлығы жоғары мұнайды өндірудің жаңа технологияларын қолдану тиімділігін бағалау ”

5B070800-Мұнай-газ ісі

Орындаған:
Қожахметов З.Е.

Ғылыми жетекші:
Msc., Лектор
Нүсіпқожаев А.І.


« 13 » 05 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Қ. Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

Мұнай инженериясының кафедрасы

5B070800-Мұнай-газ ісі

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі


М. К. Сыздықов

« 15 » 01 2019ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Қожахметов Заманбек Ермекұлы

Тақырыбы: “ Қазақстан кенорындары мысалында тұтқырлығы жоғары мұнайды өндірудің жаңа технологияларын қолдану тиімділігін бағалау ”

Университет ректорының "17" қазан 2018 ж. № 1167-Б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: « 6 » мамыр 2019 ж.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Тұтқырлығы жоғары мұнайдың (ТЖМ) сипаттамасы

ә) Тұтқырлығы жоғары мұнайдың Қазақстандағы қоры

б) Технологиялық бөлім

в) CSS және SAGD тәсілдердінің тиімділігін Қаражамбас және Шығыс Молдабек кен орындарының мысалында есептеу

г) Экономикалық бөлім

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс): өндіру технологияларының қолдану шарттары, технологияларды сипаттайтын профильдер, игерудің негізгі технологиялық көрсеткіштерінің динамикасы, техникалық-экономикалық көрсеткіштер

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 24 атаудан

Дипломдық жобаны (жұмысты) дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Тұтқырлығы жоғары мұнайдың (ТЖМ) сипаттамасы	09.04.19 – 15.04.19	
Тұтқырлығы жоғары мұнайдың Қазақстандағы қоры	09.04.19 – 15.04.19	
Технологиялық бөлім	09.04.19 – 15.04.19	
CSS және SAGD тәсілдердінің тиімділігін Қаражамбас және Шығыс Молдабек кен орындарының мысалында есептеу	16.04.19 – 24.04.19	
Экономикалық бөлім	25.04.19 – 02.05.19	

Дипломдық жоба (жұмыс) бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға (жұмысқа) қойған

ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Тұтқырлығы жоғары мұнайдың (ТЖМ) сипаттамасы	Нүсіпқожаев А.І. (Msc., Лектор)	09.04.19	
Тұтқырлығы жоғары мұнайдың Қазақстандағы қоры	Нүсіпқожаев А.І. (Msc., Лектор)	09.04.19	
Технологиялық бөлім	Нүсіпқожаев А.І. (Msc., Лектор)	15.04.19	
CSS және SAGD тәсілдердінің тиімділігін Қаражамбас және Шығыс Молдабек кен орындарының мысалында есептеу	Нүсіпқожаев А.І. (Msc., Лектор)	24.04.19	

Экономикалық бөлім	Нүсіпқожаев А.І. (Msc., Лектор)	02.05.19	
Норма бақылау	Нүсіпқожаев А.І. (Msc., Лектор)	04.05.19	

Ғылыми жетекші  Нүсіпқожаев А.І.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Қожахметов З.Е.

Күні " 13 " 05 2019 ж.

АННОТАЦИЯ

Бұл дипломдық жұмыста тұтқырлығы жоғары мұнай өндірудің тиімді технологиялары: бугравитациялық дренаж (SAGD – Steam Assisted Gravity Drainage), суық өндіріс (CHOPS – Cold Heavy Oil Production with Sand), циклды бу айдау (CSS – Cyclic Steam Stimulation), көлденең ұңғы мен қабат ішінде жанудың комбинациясы (THAI – Toe to Heel Air Injection), тотығу катализаторы мен THAI комбинациясы (CAPRI – CAlytic upgrading PRocess In-situ), еріткіштермен бу күйінде өндіру (VAPEX – Vapor Extraction) туралы қысқаша түсініктемелер беріліп, ішінен ең тиімді деп саналатын 2 технология толығырақ сипатталады.

В этой дипломной работе рассматриваются эффективные методы добычи высоковязких нефтей, такие как: циклическая закачка пара (Cyclic Steam Stimulation - CSS), парогравитационный дренаж (Steam-Assisted Gravity Drainage - SAGD), холодная добыча (Cold heavy-oil production with sand - CHOPS), извлечение растворителями в парообразном состоянии (Vapor Extraction - VAPEX), комбинации внутрипластового горения и добычи нефти из горизонтальной скважины (Toe to Heel Air Injection - THAI), технология CAPRITM (Catalytic upgrading PRocess In- situ) основанная на базе THAI, предполагающая использование катализаторов окисления. После краткого описания каждой технологии, 2 технологии считающиеся самыми эффективными будут описаны подробнее.

In this thesis, effective methods of extracting high-viscosity oils are considered, such as: cyclic steam injection (Cyclic Steam Stimulation - CSS), steam-gravity drainage (Steam-Assisted Gravity Drainage - SAGD), cold mining (Cold heavy-oil production with sand - CHOPS), extraction with solvents in the vapor state (Vapor Extraction - VAPEX), combinations of in-situ combustion and oil production from a horizontal well (Toe to Heel Air Injection (THAI), CAPRITM technology (Catalytic upgrading PRocess In-situ) based on TNAI, involving the use of catalysts oxidation. After a brief description of each technology, 2 technologies considered to be the most effective will be described in more detail.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1 Тұтқырлығы жоғары мұнайдың (ТЖМ) сипаттамасы	1
2 Тұтқырлығы жоғары мұнайдың (ТЖМ) Қазақстандағы қоры	3
3 Технологиялық бөлім	4
3.1 Суық өндіріс (Cold heavy-oil production with sand - CHOPS)	5
3.2 Еріткіштермен бу күйінде өндіру (VAPEX – Vapor Extraction)	6
3.3 Көлденең ұңғы мен қабат ішінде жанудың комбинациясы (Toe to Heel Air Injection - THAI)	7
3.4. Тотығу катализаторы мен THAI комбинациясы (Catalytic upgrading PProcess In-situ-CAPRITM)	8
3.5 Бугравитациялық дренаж (Steam Assisted Gravity Drainage - SAGD)	9
3.6 Циклды бу айдау (Cyclic Steam Stimulation-CSS)	10
4 CSS және SAGD тәсілдердінің тиімділігін Қаражамбас және Шығыс Молдабек кен орындарының мысалында есептеу	12
4.1 Қаражамбас кен орнының мәліметтері	12
4.1.1 Бугравитациялық дренаж (SAGD) есебі	13
4.1.2 Циклды бу айдау (CSS) есебі	16
4.2 Шығыс Молдабек кен орнының мәліметтері	20
4.2.1 Бугравитациялық дренаж (SAGD) есебі	20
4.2.2 Циклды бу айдау (CSS) есебі	23
4.3 Есептеу нәтижелерін талдау	26
5 Экономикалық бөлім	28
5.1 CSS технологиясының есебі	28
5.1.1 Қаражамбас кен орнының есебі	28
5.1.2 Шығыс Молдабек кен орнының есебі	29
5.2 SAGD технологиясының есебі	29
5.2.1 Қаражамбас кен орнының есебі	30
5.2.2 Шығыс Молдабек кен орнының есебі	30
5.3 Экономикалық есептеулер нәтижесінің қорытындысы	31

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

КІРІСПЕ

Әлемде қазір тығыздығы жеңіл және орташа мұнай қоры таусылуда, ал ауыр мұнай қоры 750 млрд. т. Ауыр мұнайдың тұтқырлығы жоғары болады, сол үшін оны өндіруге тұтқырлығы жеңіл және орташа мұнайды өндіру технологиялардың жарамдылығы аз не мүлде жарамсыз.

Бұл үлкен мәселемен мұнай өндіруші компаниялар мен мемлекеттер 20 ғасырдың 60 жылдарынан бері айналысып жатыр. Сол уақыттан бастап әлемде шыққан тұтқырлығы жоғары мұнайды (ТЖМ) өндірудің ең тиімді технологиялары қарастырылып, 6 технология іріктелініп алынды.

Бұл дипломдық жұмыста тұтқырлығы жоғары мұнай өндірудің тиімді технологиялары: бугравитациялық дренаж (SAGD – Steam Assisted Gravity Drainage), суық өндіріс (CHOPS – Cold Heavy Oil Production with Sand), циклды бу айдау (CSS – Cyclic Steam Stimulation), көлденең ұңғы мен қабат ішінде жанудың комбинациясы (THAI – Toe to Heel Air Injection), тотығу катализаторы мен THAI комбинациясы (CAPRI – CAlytic upgrading PRocess In-situ), еріткіштермен бу күйінде өндіру (VAPEX – Vapor Extraction) туралы қысқаша түсініктемелер беріліп, ішінен ең тиімді деп саналатын 2 технология толығырақ сипатталады.

1 Тұтқырлығы жоғары мұнайдың (ТЖМ) сипаттамасы

Ауыр мұнай – тығыздығы 920–1000 кг/м³ аралығында жататын және тұтқырлығы 10-100 мПа•с-қа тең көмірсутекті сұйықтық. [18]

Табиғи битумдар - негізі көмірсутегі құрамды тығыздығы 1000 кг/м³-тен үлкен және тұтқырлығы 10,000 мПа · с-тен үлкен әлсіз ағатын немесе жартылай қатты қоспалары.

Өте ауыр мұнайлар - битум және ауыр мұнай арасындағы аралық топ, тұтқырлығы 100-10000 мПа · с-қа тең және тығыздығы 1000 кг/м³-ке шамалас әлде үлкен не тең.

Мұнай тұтқырлығы 30 мПа*с және 35 мм²/с –қа тең не одан үлкен болса, онда ТЖМ болып саналады.

Қабат жағдайында ауыр мұнай тұтқырлығы 20-9000 мПа*с аралығы. Көбінесе кен орындарда тұтқырлығы 1000 мПа•с-тен үлкен.

Мұнай түрі	API	Тығыздығы кг/м ³
Жеңіл	> 31.1 ⁰	< 870
Орташа	22.3 ⁰ - 31.1 ⁰	870 – 920
Ауыр	< 22.3 ⁰	920 - 1000
Өте ауыр	< 10 ⁰	< 1000

1.1 кесте. Мұнайдың API және тығыздығы бойынша жіктелімі [18]

Сумен салыстырғандағы мұнайдың тығыздығын есептеудің формуласы:

$$\gamma = \text{Specific gravity} = \frac{\rho_{oil}}{\rho_{water}} \quad (1)$$

API есептеудің формуласы:

$$API \text{ gravity} = \frac{141.5}{\gamma} - 131.5 \quad (2)$$


Физикалық шама	Мұнайдың түрі	Вариация шектері
Тығыздық (г/см ³)	өте жеңіл мұнай	< 0.80
	жеңіл мұнай	0.80÷0.84
	орташа	0.84÷0.88
	ауыр	0.88÷0.92
	тығыздығы жоғары мұнай тығыздығы өте жоғары мұнай табиғи битум	0.92÷0.96 > 0.96
Кинематикалық тұтқырлық стандарт жағдай (мм ² /с)	тұтқырлығы төмен мұнай	< 10
	тұтқырлығы орташа мұнай	10 ÷ 35
	тұтқырлығы жоғарылау мұнай	35÷100
	жоғары мұнай	100÷500
	өте жоғары мұнай	> 500

1.2 кесте. Мұнайдың тығыздығы және кинематикалық тұтқырлығы бойынша жіктелуі

2 Тұтқырлығы жоғары мұнайдың (ТЖМ) Қазақстандағы қоры

01.01.2004 Қазақстанның тұтқырлығы жоғары мұнай қоры 945,5 млн.т және былай категорияға бөлінеді:

- А+В+С1 категориялы өндірістік баланстық қорлар – 820,318 млн.т;
- С2 категориялы баланстық өндірістік емес қорлар – 110,226 млн.т;
- Баланстан тыс қорлар – 3,523 млн.т.
- Тұтқырлығы жоғары мұнай А+В+С1 категориялы өндірістік баланстық қорлары Батыс Қазақстан өңірінде, Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарында орналасқан.



2.1 сурет. Қазақстанда тұтқырлығы жоғары мұнайдың өндірістік қорының 3 облыс бойынша бөлінісі

Қор мөлшері бойынша тұтқырлығы жоғары мұнай кен орындардың жіктелуі:

- А+В+С1 категориялы қоры 4 ірі кен орында (Қаражанбас, Солтүстік Бозащы, Кеңкияқ және Шығыс Молдабек) 609,8 млн.т не бар қордың 74%.
- Орташа кен орындар 109,8 млн.т не бар қордың 13%. Бұл категорияға 5 кен орын жатады: Құмсай, Қара-Арна, Прибрежное және Батыс Терең Өзек.
- Ұсақ кен орындар 110 млн.т не бар қордың 13%. Негізі қоры 10 млн.т-дан аспайтын кен орындар (30 кен орын) Атырау облысында орналасқан.

3 Технологиялық бөлім

Ұңғымадан бірінші (табиғи) және екінші (қабат қысымын ұстау) әдістермен барлық мұнай алынған соң, өндіруші қабаттың мұнайбергіштігін арттыратын өндірудің үшіншілік әдістер қолданылады. Бұл әдістер аса бағалы және олардың көбісі талдау деңгейінде. Тұтқырлығы жоғары мұнай өндіру кезінде бірден үшіншілік әдістер қолданылады. [21]



3.1 сурет. Кен орындарды игерудің әдістерінің схемасы [21]

Үшіншілік әдістердің ішінде әлемде ең тиімді деп танылған 6 технология: бугравитациялық дренаж (SAGD – Steam Assisted Gravity Drainage), суық өндіріс (CHOPS – Cold Heavy Oil Production with Sand), циклды бу айдау (CSS – Cyclic Steam Stimulation), көлденең ұңғы мен қабат ішінде жанудың қоспасы (THAI – Toe to Heel Air Injection), тотығу катализаторы мен THAI қоспасы (CAPRI – CAlytic upgrading PRocess In-situ), еріткіштермен бу күйінде өндіру (VAPEX – Vapor Extraction). (20)

Технология	CSS	SAGD	VAPEX	CHOPS	THAI
Мұнайға қаныққан қабат қалыңдығы, м	3-9	12-15	>12	3-20	>2
Тереңдік, м	250-800	200-1200	750	200-1200	300-1500
Тұтқырлық, мПа*с	>10000	>2000	>600	2000-30000	100-10000
Кеуектілік, %	>25	>25	>30	>30	>18
Өткізгіштік, мД	>200	>1000	>200	>500	>50

3.1 кесте. Ауыр мұнай мен табиғи битумдарды өндіру технологияларының шарттары (20)

S.No	Үшіншілік әдістер	Мұнай қасиеттері			Коллектор қасиеттері			
		Тығыздық (API°)	Тұтқырлық (cP)	Мұнайға қанығушылық (%PV)	Қабат түрі	Орташа өткізгіштік (md)	Тереңдік (ft)	Қабат қалыңдығы (ft)
1	Ыстық су айдау	>12°	50-8000	>12%	Құмтас	>1000	<3000	>30
2	Бу айдау	>9°-13.5°	4,700-200,000	>40% 66%	Жоғары өткізгішті құм немесе құмтас	100 /	>300/	>30
3	Циклды бу айдау	>9°-13.5°	4,700-200,000	>40% 66%		100 /	>1000/	>30
4	Буциклды дренаж	>9°-13.5°	4,700-200,000	>40% 66%		250/	>1000 /	60/
5	Қабат ішінде жану	>10°-16°	1,200-5,000	>40% 72%		>50	>11,500-3500	>10
6	Азот және түтін газдары	>35°/42°/	<0.4% 0.2%	>40% 75%	Құмтас не карбонат	Критикалық емес	>6,000	Жұқа
7	CO2	>22°/36°/	<10% 1.5%	>20% 55%	Құмтас не карбонат	Критикалық емес	>2,500	Үлкен диапазон
8	Сілті айдау	>20°/35°/	<35 % 13%	>35% 53%	Құмтас қаланады	>10/450/	>9,000-3,250%	Критикалық емес
9	Полимер айдау	>15°	<150, >10	>50% 90%	Құмтас қаланады	>10/900/	<9,000	Критикалық емес

3.2 кесте. Ауыр мұнай мен табиғи битумдарды өндіру технологияларының шарттары

3.1 Суық өндіріс (Cold heavy-oil production with sand - CHOPS)

Суық өндіріс - дәстүрлі емес өндіру әдісі, мұнда мұнай, су және газбен қатар құм шығарылады. [4]

Тік, көлбеу немесе көлбеу бағытталған ұңғымаларда бұрандалы-сорап қондырғылар қолдану арқылы іске асады. Өндіріс деңгейі дәстүрліге қарағанда айтарлықтай артады. [12]

«CHOPS» - бұл әлсіз цементтелген резервуарды әдейі бұзу және мұнай мен құмдың қосындысының ағуы үшін қажетті жағдайларды жасайтын суық мұнай өндіру әдісі. Мұнайбергіштік 10% -дан аспайды.[4]

Құмды өндірудің нәтижесінде ұзын каналдар немесе «қуыстар» пайда болады, олар жоғары өткізгіштігімен ерекшеленеді. Кейбір арналар өндіріс ұңғысынан ары қарай 200 метр қашықтыққа дейін созылуы мүмкін.

Мұнай көпіргіштігі мен өткізгіштігі жоғары арналар үйлесе отырып дебит пен өнімділіктің артуына әкеледі. Технологияның дамуна қазір жалғыз шектеу факторы жаңарту мүмкіндіктері.

Кемшіліктері:

- өндіруге жарамды жаңа кен орындарының жоқтығы;
- арналар желісімен келген су ағыны есебінен ұңғылардың сулануы;
- резервуардың қысымы мен энергиясының төмендеуі;
- төмен сұйықтық ағыны және жоғары газ факторы;
- жоғарыда көрсетілген себептерге байланысты 7-8 жылдан астам ұңғымаларды пайдалану мүмкін еместігі.

Артықшылықтары:

- Жылулық әдістермен салыстырғанда жоғары экономикалық тиімділік
- Өте төмен жұмсалатын шығындар (арзан тік ұңғылар)
- Операциялық шығындар ~ 4,00 долларға дейін азайды
- Сорғы мәселесі шешілді
- Құмды кәдеге жарату (утилизация) мәселесі шешілді.

3.2 Еріткіштермен бу күйінде өндіру (VAPEX – Vapor Extraction)

VAPEX - гравитациялық дренаж режимінде резервуарға еріткішті айдау.[4]

Бұл әдісте 2 көлденең ұңғы пайдаланылады. Еріткішті үстіңгі ұңғыға айдаудан, еріткіш камерасы (көмірсутегі еріткіштері) жасалады. Мұнай

диффузияның арқасында сұйылып, ауырлық күшінің әсерінен камералық шекаралар арқылы өндіру ұңғымасына ағады. Мұнайбергіштік 60% -ға жетеді, бірақ өндіріс деңгейі өте төмен.[4]


Ауыр мұнай кен орындарын өндірудің «суық» әдістерінің кемшіліктері:

- мұнай тұтқырлығы максималды мәндері бойынша шектеулер
- игерудің төмен қарқыны.

3.3 Көлденең ұңғы мен қабат ішінде жанудың комбинациясы (Toe to Heel Air Injection - THAI)

THAI технологиясын канадалық Petrobank инженерлері Мальколом Гривс пен Алекс Турт жасады. [21]

Әдіс өндіруші тік ұңғыма көлденеңмен ауыстырылды. Нәтижесінде, мұнайдың ұзақ қашықтыққа жүру қажеті жоқ, ол жай төмен ғана ағады.



3.2 сурет. Көлденең ұңғы мен қабат ішінде жанудың қоспасы

Артықшылықтары:

- Тұрақты және бақыланатын процесс
- Қабат әртектілігіне сезімталдықтың төмендеуі
- Ұңғымалардың санын азайту

- Жақсартылған мұнай пайда болады
- Бұл каталитикалық THAI: CAPRI - мұнай сапасын жақсартудың екінші кезеңін қолдану мүмкіндігін береді.

3.4. Тотығу катализаторы мен THAI комбинациясы (Catalytic upgrading PProcess In-situ-CAPRI™)

CAPRI әдісі өндіруші көлденең ұңғымаға катализатор қосу болып табылады. Бұл әдісті канадалық Petrobank компаниясы жүзеге асырады. THAI мұнайды жердің астында кокстесе, CAPRI мұнайды катализаторлық крекингтейді. Бұл - мұнайды жердің астында жақсарту операциясы. Катализатор ретінде Pd / Al₂O₃, Pd / C, Al₂O₃ , Co-Mo / Al₂O₃ және т.б. қолданылады. [20,21]



3.3 сурет. Катализаторды THAI-ға қосқанда мұнай тұтқырлығының өзгеруі [21]

Қабат ішінде жанудың кемшіліктері:

- Процесті реттеу қиын (өндіріс ұңғымасына газдың серпінділігі).
- Жану бағытының таралуын бақылау үшін сенімді техникалық құралдардың жоқтығы.
- Таяз тереңдікте газдың ағуы (азот, көміртегі диоксиді, оттегі) мүмкін.
- Мұнайды дайындауды қиындататын тұрақты мұнай-су-газ эмульсиялары пайда болды.
- Коррозия.
- Экология (қатты сулы эмульсияның қалыптасуы, улы өнімдерді шығару (H₂S, SO₂, NO₂))

- Ұңғымаларда сүзгі-хвостовиктің құммен бітелуі.
- Мұнайдың бір бөлігі резервуарда жанып кетеді.
- Математикалық модельдеудің күрделілігі.


3.5 Бугравитациялық дренаж (Steam Assisted Gravity Drainage - SAGD)

Гравитациялық дренаж идеясын 1970 жылдарда канадалық инженер Роджер Батлер ойлап тапты. 1980 жылы Cold Lake кен орынында технология эксперименталды түрде қолданыла бастады.[8]


Технология қабаттың табаны жағында мұнаймен қаныққан қабатта параллель орналасқан 2 көлденең ұңғыманы бұрғылауды қажет етеді.[10]

Процесс алдын ала қыздыру сатысынан басталады, оның барысында (бірнеше ай) 2 ұңғымада бу айналымы жүргізіледі.

Өндірістің негізгі кезеңінде бу айдау ұңғымасына айдалады.



3.4 сурет. Бугравитациялық дренаж [8]



3.5 сурет. Бу камерасының шектеуші факторларысыз өсуінің моделі, параметр – температура [8]

Технологияны қолдануға қойылатын шектеуші факторлар [8]:

- Қабатты әртектілік – сазды және сулы линзалардың болуы;
- Қабаттың қалыңдығы 15 м-ден аз болуы;
- Газ шапкасы;
- Қабат жабынында жоғары суғақанығушылық.

3.6 Циклды бу айдау (Cyclic Steam Stimulation-CSS)


Бір вертикальды ұңғыма резервуарға бу жіберуді және қыздырылған мұнайдың өндірілуін қамтамасыз етеді.

- 1-саты. Буды 1-3 апта ішінде мұнайдың қаныққан қабатының 1 метріне 30-100 тоннаға дейін жеткізіп айдайды.
- 2-саты. Буды айдаудан кейін ұңғыма 1-4 күн ішінде «будың сіңірілуі» үшін жабады, кейде резервуардың сипаттамаларына байланысты және булардың конденсациясы мен резервуардағы қанықтығын қайта бөлу үшін көбірек жабады.
- 3 кезең. Жабудан кейін ұңғымаларды өнімді алу режимінде іске қосады, мұнда операция тиімді шығын деңгейінде жүзеге асырылады.



3.6 сурет. Циклды бу айдаудың 3 кезеңі [6]

Жоғары шығымы бар өндіру 4-6 айға дейін созылуы мүмкін. Цикл өндіріс деңгейі төмендеген кезде қайталанады. Ескі кен орындарда 24 айға 1 циклды жүзеге асыруға болады.



3.7 сурет. Буциклды әсер етудің уақыт бойынша мұнай дебиті мен бу шығымының өзгерісі [8]

Буциклді әсер етудің маңызды экономикалық көрсеткіші - құны 3 тонна / тоннаға жетпейтін бу-мұнай факторы. [6]

Мұнайдың жылжу механизмі гравитациялық дренаж болып табылатын, қалың қабырғалы қабатта 10 цикл немесе одан көп болуы мүмкін.

Ерітілген газдың режимінде өндіріс жүргізілетін еңкіш қабатта, циклдардың саны 3-5 құрайды.

Артықшылықтары:

- 1 ұңғыма бұрғылау қажет, бұл салымдарды қысқартады;
- SAGD технологиясын қолдана алмайтын жіңішке қабаттасқан қабаттарға арналған;
- ұңғымаларды бұталы бұрғылау кезінде қолданылады.

Кемшіліктері:

- SAGD технологиясымен салыстырғанда өндіріс деңгейінің төмен;
- үзікті өндіру режимі.

4 CSS және SAGD тәсілдерінің тиімділігін Қаражамбас және Шығыс Молдабек кен орындарының мысалында есептеу


Осы дипломдық жұмыста тұтқырлығы жоғары мұнайды өндірудің әлемде ең тиімді деп саналатын SAGD және CSS технологиялары қарастырылды. Технологияларды салыстыру үшін Қаражамбас және Шығыс Молдабек тұтқырлығы жоғары кен орындары алынды. SAGD технологиясын зерттеу үшін 1 жұп көлденең ұңғы бұрғыланды, ал CSS технологиясы үшін 1 тік ұңғы бұрғыланады деп есептелінеді. Аталған ұңғылар кен орындардағы тек 1 қабатты ғана өндіреді. Бұл жұмыстағы есептеулер осы технологиялармен өндіру процессінің қарапайымдатылған және тұрақтатылған түрі.

4.1 Қаражамбас кен орнының мәліметтері

Шоғыр мұнайлы, қабат құмтас пен алевролиттен құралған, қабаттың жалпы қалыңдығы $H = 18,16$ м, өткізгіштігі $0,1601$ мкм², қабаттың бастапқы қысымы $P_{\text{бас}} = 4,5$ МПа, қабат кеуектілігі $m = 0,30$; қабаттың бастапқы мұнайға қанығушылығы $s_n = 0,75$; қабаттың бастапқы суға қанығушылығы $s_{\text{св}} = 0,25$; қабаттың бастапқы температурасы $T_o = 20$ °С; қабат пен оны қоршаған жыныстардың тығыздығы $\rho_{\text{пл}} = \rho_{\text{оп}} = 2600$ кг/м³; қабат пен оны қоршаған жыныстардың жылу өткізгіштігі $\lambda_{\text{пл}} = \lambda_{\text{оп}} = 2,2$ Вт/(м·К); қабат пен оны қоршаған жыныстардың температура өткізгіштігі $\chi_{\text{пл}} = \chi_{\text{оп}} = 3,0 \cdot 10^{-6}$ м²/с; қабат пен оны қоршаған жыныстардың жылу сыйымдылығы $c_{\text{пл}} = c_{\text{оп}} = 1$ кДж/(кг·К); қабаттың жату тереңдігі $H = 290$ м; кеніште бұрғыланған ұңғыларының диаметрі $d_c = 0,168$ м; газсыздалған мұнайдың тығыздығы $\rho_n = 939$ кг/м³; мұнайдың көлемдік коэффициенті $\beta_o = 1,0345$; бу айдаудың темпі $q_n = 60$ м³/сут; айдалатын будың температурасы $T_n = 300$ °С; айдау ұңғысының сағасындағы құрғақтылық дәрежесі $X_y = 0,8$; будың жылуұстағыштығы $i'' = 2800$ кДж/кг; бу түзілудің құпия жылуұстағыштығы $r_n = 1750$ кДж/кг; судың жылуsыйымдылығы $c_v = 4,2$ кДж/(кг·К), мұнайдың қабат жағдайындағы тығыздығы $\rho_{\text{каб}} = 930$ кг/м³, тұтқырлығы $\mu_{\text{каб}} = 272$ мПа·с; мұнайдың жер үстіндегі (323,2 К) тығыздығы $\rho_{\text{жб}} = 941$ кг/м³, тұтқырлығы $\mu_{\text{жб}} = 164,7$ мПа·с; бу тығыздығы $\rho_{\text{бу}} = 46,93$ кг/м³, бу жылуsыйымдылығы $c_g = c_{\text{бу}} = 6,28$ кДж/(кг·К), бу айдалатын қысым $P_{\text{ай}} = 8,58$ МПа; қанығу температурасы $T_{\text{кан}} = T_s = 243$ К; судың жылуұстағыштығы $r_m = 1344,77$ кДж/кг; мұнайдың жылуsыйымдылығы $c_m = 880$ Дж/(кг·К); су-мұнай жапсары 345 м. [11]

4.1.1 Бугравитациялық дренаж (SAGD) есебі

Технология көлденең ұңғыларды кабат табаны жағында орналастыруды қажет ететіндіктен, ұңғылар су-мұнай жапсары деңгейінде орналастырылды.



4.1 сурет. Б типті 5 интервалды көлденең ұңғының профилі [23]

$$h_1 = 200 \text{ м}$$

$$h_2 = h_3 = h_4 = 50 \text{ м}$$

$$\alpha = 45^\circ$$

$$\gamma = 30^\circ$$

$$L = ?$$

$$l_1 = H_s \quad l_4 = 0,01745 \cdot R_1 \cdot \gamma_4$$

$$l_2 = 0,01745 \cdot R_1 \cdot \alpha_1 \quad l_5 = L_r$$

$$l_3 = \frac{h_3}{\cos \alpha_1}$$

$$L_{\text{сжб}} = \sum l_i$$

(3-9)

$$L_1 = h_1 = 200 \text{ м}$$

$$L_4 = 0,01745 \cdot 30 \cdot (50 \cdot (2^{0,5})) = 37 \text{ м}$$

$$L_2 = 0,01745 \cdot 45 \cdot (50 \cdot (2^{0,5})) = 55,53 \text{ м} \quad L_5 = 4 \cdot 20 = 80 \text{ м}$$

$$L_3 = 50 / \cos 45^\circ = 70,71 \text{ м} \quad L = 443,24 \text{ м} \approx 443 \text{ м}$$

Кен орны біраз уақыт өндіріліп келе жатқандықтан және сулану мөлшері өткізгіштікке әсерінен абсолютты өткізгіштік есептелді. [7]

$$k = 0,1601 \text{ мкм}^2$$

$$k_0 = k / (1 - S_b)^2;$$

(10)

$$k_0 = 0,1601 / (1 - 0,25)^2 = 0,28462 \text{ мкм}^2$$

$$S_w = 0,25$$

$$k_0 = ?$$

Бұған қоса мұнайдың айдалатын бу температурасындағы кинематикалық тұтқырлығы есептелді.

$$t_{бy} = 300^0 \text{ C}$$

$$\mu_{жб} (323,2 \text{ K}) = 164,7 \text{ мПа*с}$$

$$\mu_m (573 \text{ K}) = ?$$

$$\nu_s = \nu_m (573 \text{ K}) = ?$$

$$\rho_{каб мұнай} = 930 \text{ кг/м}^3$$

$$\mu_t = (1 / C) * (C * \mu_{t0})^\varphi \quad (11)$$

$$\varphi = 1 / (1 + a(t-t_0) \lg (C * \mu_{t0})) \quad (12)$$

егер $10 \leq \mu \leq 1000 \text{ мПа*с}$, болса

$$C = 100 \text{ 1/мПа*с}; \quad a = 1.44 * 10^{-3} \text{ 1/}^0\text{C}$$

$$\varphi = \frac{1}{1 + 1,44 * 10^{-3} * (573 - 323,2) * \lg(100 * 164,7)} = 0,397$$

$$\mu_t = \frac{(100 * 164,7)^{0,397}}{100} = 0,4736 \text{ мПа * с}$$

$$\nu_s = \frac{0,4736}{930} = 0,000509259 \text{ м}^2/\text{тәу}$$

Есептеулер өндірістің соңында бастапқы мұнайға қанығушылық 0,25-ке дейін азаяды деп алынды, сонда $\Delta S=0,5$. $a = 0.4$ — эмпирикалық константа. $m = 4$ — тұтқырлық моделінің констатасы ($3 \leq m \leq 5$); $M = 60 \text{ м}$ — қабат ені.[19]

1. Бу камерасының өсу периоды

Бу камерасының өсу уақытының есептеу формуласы:

$$t^* = \frac{8}{27} * \frac{1}{\varphi \Delta S} * \left(\frac{\varphi \Delta S k g \alpha H}{2 a m \nu} \right)^{1,5} * \left(\frac{m \nu}{k g \alpha} \right)^2 \quad (13)$$

$$t^* = \frac{8}{27} * \frac{1}{0,3 * 0,5} * \left(\frac{0,3 * 0,5 * 9,81 * 0,28462 * 3 * 10^{-6} * 18,16}{2 * 0,4 * 0,000509 * 4} \right)^{1,5} * \left(\frac{4 * 0,000509}{0,28462 * 9,81 * 3 * 10^{-6}} \right)^2 = 193,544 \text{ тәу}$$

Бу камерасының t^* уақыт мезетіндегі енін есептеу формуласы:

$$W_s = \frac{9}{2H} * \left(\frac{k g \alpha}{\varphi \Delta S m \nu} \right)^{\frac{2}{3}} * (t^*)^{4/3} \quad (14)$$

$$W_s = \frac{9}{2 * 18,16} * \left(\frac{0,28462 * 9,81 * 3 * 10^{-6}}{0,3 * 0,5 * 4 * 0,000509} \right)^{\frac{2}{3}} * (193,544)^{\frac{4}{3}} = 51,224 \text{ м}$$

Бу камерасының қабат жабынына дейін жеткенше көлденең ұңғы дебиті:

$$Q(t) = 3L * \left(\frac{kg\alpha}{mv} \right)^{\frac{2}{3}} * (\varphi\Delta S)^{\frac{1}{3}} * t^{\frac{1}{3}} \quad 0 \leq t \leq t * \quad (15)$$

$$Q(150) = 3 * 443 * \left(\frac{0,28462 * 9,81 * 3 * 10^{-6}}{4 * 0,000509} \right)^{\frac{2}{3}} * (0,3 * 0,5)^{\frac{1}{3}} * 150^{\frac{1}{3}} = 96,299 \text{ м}^3/\text{тәу}$$

2. Бу камерасының көлденең кеңею периоды

Бу камерасының көлденең бағытта кеңейіп, көршілес жатқан бу камераларымен бірігу уақыты:

$$T_m = (M - W_s) \left(\frac{\varphi\Delta S m v a H}{2kg\alpha} \right)^{0,5} \quad (16)$$

$$T_m = (60 - 51,224) \left(\frac{0,3 * 0,5 * 4 * 0,000509 * 0,4 * 18,16}{2 * 0,28462 * 9,81 * 3 * 10^{-6}} \right)^{0,5} = 101,019 \text{ тәу}$$

Бу камерасының көлденең ұлғаю кезінде болатын тұрақты дебиті :

$$Q(t) = 2L * \left(\frac{\varphi\Delta S k g \alpha H}{2amv} \right)^{0,5} \quad t * \leq t \leq t * + T_m \quad (17)$$

$$Q(t) = 2 * 443 * \left(\frac{0,3 * 0,5 * 9,81 * 0,28462 * 3 * 10^{-6} * 18,16}{2 * 0,4 * 0,000509 * 4} \right)^{0,5} = 104,838 \text{ м}^3/\text{тәу}$$

3. Бу камерасының табанға қарай таралу периоды

Бу камерасының қабат табанына дейін жету уақыты:


$$T * = 2M * \left(\frac{\varphi\Delta S m v a H}{2kg\alpha} \right)^{0,5} \quad (18)$$

$$T * = 2 * 60 * \left(\frac{0,3 * 0,5 * 4 * 0,000509 * 0,4 * 18,16}{2 * 0,28462 * 9,81 * 3 * 10^{-6}} \right)^{0,5} = 1381,242 \text{ тәу}$$

Бу камерасының қабат табанына дейін жеткенше дебиті:

$$Q(t) = 2L * \left(\frac{\varphi\Delta S k g \alpha H}{2amv} \right)^{0,5} - \frac{kg\alpha L}{2amvM} * (t - t * - T_m) \quad t * + T_m \leq t \leq t * + T_m + T * \quad (19)$$

$$Q(1300) = 2 * 443 * \left(\frac{0,3 * 0,5 * 9,81 * 0,28462 * 3 * 10^{-6} * 18,16}{2 * 0,4 * 0,000509 * 4} \right)^{0,5} - \frac{0,28462 * 9,81 * 3 * 10^{-6} * 443}{2 * 4 * 0,000509 * 0,4 * 60} * (1300 - 193,54 - 101,02) = 66,682 \text{ м}^3/\text{тәу}$$



4.2 сурет. Қаражамбас кен орнында бугравитациялық дренаж (SAGD) технологиясының өндіріс кезеңдері

Қарастырылып жатқан қабаттың мұнайын өндіріп біту уақыты:

$$t * + Tm + T * = 193,54 + 101,02 + 1381,242 = 1675,806 \text{ тәу} \quad (20)$$

Өндірілген мұнай көлемі:

$$\varphi \Delta SMHL = 0,3 * 0,5 * 60 * 18,16 * 443 = 72403,92 \text{ м}^3 \quad (21)$$

4.1.2 Циклды бу айдау (CSS) есебі

Қабаттың жылуұстағыштық коэффициентін ϕ және будың үлестік шығынын q' п есептеп, номограммадағы сызықтармен қабатқа бу айдау уақыты табылады. [5]

$$\varphi = (m(\rho_{бу}) + \frac{1 - m}{r_{бу}} * C_{қабат} * \rho_{қаб} * (T_{бу} - T_{қабат})) \quad (22)$$


$$\varphi = \left(0,3 * 46,93 + \frac{1 - 0,3}{1750000} * 1000 * 2600 \right) = 958,576 \text{ кг/м}^3$$

$$q'_{п} = \frac{q_{п}}{H}$$

(23)

$$q'_{п} = \frac{60 * 46,93}{18,16 * 24} = 6,461 \frac{кг}{м * сут}$$

Осыдан, $t_1=14$ тәу болады.




4.3 сурет. Қаражамбас кен орнына бу айдау уақытын көрсететін номограмма

Жылуды қолдану коэффициентін табу үшін сол параметрдің өлшемсіз уақытына тәуелді графикты қолданылды [3]. Өлшемсіз уақыт формуласы:

$$\tau = \lg\left(\frac{4\alpha t}{h^2}\right)$$

(24)

$$\tau = \lg\left(\frac{4 * 3 * 10^{-6} * 14 * 24 * 3600}{18,16 * 18,16}\right) = -1,356$$



4.4 сурет. Жылуды қолдану коэффициентінің өлшемсіз уақытқа тәуелділік графигы [3]

Осыдан, жылуды қолдану коэффициенті $\eta = Q_{\text{п}}/Q_{\text{в}} = 0,83$

(25)

Бу аймағының радиусы $r_{\text{с}} = r_{\text{п}}$, конденсация аумағының радиусы $r_{\text{к}} = r_{\text{в}}$ және жылу әсерінің максимумының радиусын r_{f} есептеу. [15,16,17, 22]

$$r_{\text{п}}^2 = r_{\text{w}}^2 + q_{\text{п}} * t * \frac{lg * \chi - (lg * \chi + i_{\text{в}} - C_{\text{в}} * T_0)(1 - \eta)}{\pi H * C_{\text{п}} * \rho_{\text{п}}(T_{\text{п}} - T_0)}$$

(26)

$$r_{\text{п}}^2 = 0,168^2 + \frac{60 * 46,93 * 14 * (1750 * 0,8 - (1750 * 0,8 + 1344,77 - 293 * 4,2) * (1 - 0,83))}{3,14 * 18,16 * 6,28 * 46,93 * (300 - 20)} = 9,6 \text{ м}^2$$

$$r_{\text{в}}^2 = r_{\text{п}}^2 + \frac{5q_{\text{п}} * t * (i_{\text{в}} - C_{\text{в}} * T_0)}{\pi H * C_{\text{в}} * \rho_{\text{в}}(T_{\text{п}} - T_0)}$$

(27)

$$r_{\text{в}}^2 = 9,6 + \frac{60 * 46,93 * 14 * 5 * (1344,77 - 293 * 4,2)}{3,14 * 18,16 * 4,2 * 1000 * (300 - 20)} = 9,9359 \text{ м}^2$$

$$r_{\text{f}} = \left(\frac{q_{\text{п}} * \rho_{\text{п}} * (C_{\text{п}} * (T_{\text{s}} - T_0) + lg)}{\pi * \alpha * (T_{\text{s}} - T_0)} + r_{\text{w}}^2 \right)^{0,5}$$

(28)

$$r_{\text{f}} = \left(\frac{60 * 46,93 * (6,28 * (243 - 20) + 1750)}{3,14 * 3 * 10^{-6} * 24 * 3600 * (243 - 20)} + 0,168^2 \right)^{0,5} = 221,081 \text{ м}$$

Ұңғыны будың қабатта біркелкі таралуы үшін жабу уақыты [5]:

$$t_2 = \frac{\alpha * \rho_{\text{п}}^2 * m^2 * r_{\text{п}}^2}{\lambda * (T_{\text{п}} - T_{\text{к}}) * \rho_{\text{ск}}}$$

(29)

$$t_2 = \frac{1750000 * 46,93^2 * 0,3^2 * 10^2}{2600 * 2,2 * 3600 * (300 - 243)} = 29,554 \text{ сағ} = 1,231 \text{ тәу}$$

Ыстық мұнайға толған аймақ радиусын $r^*(0)$ табу үшін мұнайдың жылуұстағыштық коэффициентін R_0 және қаныққан кеуекті қабаттың эффективті жылуұстағыштық коэффициенті R_r есептелді. [15,16,17]

$$R_0 = c_0 * m * \rho_0$$

(30)

$$R_0 = 880 * 0,3 * 930 = 245520 \text{ Дж/(К * м}^3\text{)}$$

$$R_r = (1 - m) * \rho_r * C_r + R_0$$

(31)

$$R_r = (1 - 0,3) * 2600 * 1000 + 245520 = 2065520 \text{ Дж/(К * м}^3\text{)}$$

$$r^*(0) = \left(\frac{r_{\text{в}}^2 * R_r + r_{\text{w}}^2 * R_0}{R_r + R_0} \right)^{0,5}$$

(32)

$$r^*(0) = \left(\frac{9,9359 * 2065520 + 0,168^2 * 245520}{2065520 + 245520} \right)^{0,5} = 2,981 \text{ м}$$

Үңғының дебиті $Q(rw)$ [15,16,17]:

$$Q(rw) = \frac{2\pi k H \Delta p}{\mu \ln\left(\frac{rc}{rw}\right)} \quad (33)$$

$$Q(rw) = \frac{2 * 3,14 * 18,16 * 0,28462 * (8,58 - 4,5) * 1000}{272 * \ln\left(\frac{500}{0,168}\right)} = 60,874 \text{ м}^3/\text{тәу}$$

Мұнайды өндіру уақыты [15,16,17]:

$$t_3 = \frac{\pi * H * m * Rr * (r^*(0)^2 - rw^2)}{Q(rw) * R0} \quad (34)$$

$$t_3 = \frac{3,14 * 18,16 * 0,3 * 2065520 * (2,981^2 - 0,168^2)}{60,874 * 245520} = 37,218 \text{ тәу}$$

Жылулық әсерсіз өндірудегі дебитпен $Q0$ циклды бу айдау технологиясының өндіру периодындағы дебит қатынасы [22]:

$$\frac{Q}{Q0} = \frac{\mu \ln\left(\frac{rc}{rw}\right)}{(\mu m - \mu) * \ln\left(\left(\frac{rf^2}{rw^2} - \frac{Q * R0 * t}{\pi * m * H * Rr * rw^2}\right)^{0,5}\right) + \mu \ln\left(\frac{rc}{rw}\right)} \quad (35)$$

$$\frac{Q}{Q0} = \frac{272 * \ln\left(\frac{500}{0,168}\right)}{(0,876 - 272) * \ln\left(\left(\frac{221,081^2}{0,168^2} - \frac{60,874 * 245520 * 37,218}{3,14 * 0,3 * 18,16 * 2065520 * 0,168^2}\right)^{0,5}\right) + 272 * \ln\left(\frac{500}{0,168}\right)} = 4,765$$

Кен орынды циклды бу айдау әдісімен өндірудің 1 циклы t цикл, 1 циклда өндірілетін мұнай көлемі $V_{\text{мұнай}}$, кен орынды толық өндіруге керек цикл саны n , кен орынды толық өндіру уақыты T :

$$t \text{ цикл} = 14 + 1,231 + 37,218 = 52,449 \text{ тәу}$$

$$V_{\text{мұнай}} = 37,218 * 60,874 = 2265,586 \text{ м}^3$$

$$n = \frac{72403,92}{2265,586} = 31,958$$

$$T = 52,449 * 31,958 = 1676,172 \text{ тәу} = 4,592 \text{ жыл}$$

4.2 Шығыс Молдабек кен орнының мәліметтері

